

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің 8D01102 - Білім беру психологиясы мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Альгожина Анар Рашидовнаның «Жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысы» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ресми рецензент, психология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Бапаева Мариям Курманғалиевнаның

Жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Қазіргі қоғамның заманауи білім беру кеңістігі әртүрлі өндірістік және білім беру іс-әрекетінде өзін-өзі жүзеге асыруға қабілетті жоғары білікті кадрларға сұраныстың өсуімен сипатталады. Қазіргі кәсіптік білім берудің ішкі жүйелерін қайта құру процесі қарастырылып жатқан реформаларды сынауға, олардың стратегиялық векторларының бағытына, сондай-ақ қазіргі заманғы педагогтардың тиісті кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыру мәселесіне қатысты міндеттер кешенін қалыптастырды.</p> <p>Жоғары мектеп педагогының психологиялық-педагогикалық күзінеттілігіне қойылатын талаптар түрлі себептерге байланысты үнемі күрделеніп тұрады. Біріншіден, инновациялық экономиканы дамытуға қабілетті және мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін жоғары мамандарды дайындауға әлеуметтік тапсырыс Қазақстандағы білім беру үрдісін кешенді түрде жетілдіруді талап етеді. Екіншіден, осыған байланысты оқытудың күзінеттіліктік бағытына өту және жоғары білім беру жүйесін қайта құрастыру сәйкесінше жоғары оқу орын педагогтарына күзінеттіліктеріне жоғарланған талаптар қояды. Үшіншіден, ауқымды ақпараттандыруына, қашықтықтан оқытудың технологияларын ендіруіне байланысты оқытушының студенттермен коммуникативті өзара әрекеттесудің сипаты, соған байланысты жоғары оқу орнының дидактикалық үрдісіндегі орны және рөлі өзгереді.</p> <p>Алынған білімнің жоғары сапасын қамтамасыз етудің қажетті шарттарының бірі педагогтардың кәсіби деңгейін арттыру және қазіргі қоғам талабына сай педагогикалық корпусы қалыптастыру</p>

			<p>болғандықтан, эмоционалды интеллектті зерттеу мотивациялық сфераны шешу, эмоционалды сезінулерді талдау, педагог тұлғасының өзін-өзі бағалауы мен іс-әрекеттің стресстік шарттарындағы оның тұрақтылығы үшін қажетті шешім қадамы болады.</p> <p>Эмоционалды интеллект – когнитивті компоненті айқын когнитивті-тұлғалық құрылым, эмоцияларды түсіну және басқару үшін ақыл-ой қабілеттерінің жиынтығы, сонымен қатар білім беру жүйесіндегі табысты кәсіби іс-әрекет үшін қажетті кәсіби маңызды қасиеттердің дамуына әсер ететін коммуникативті, эмоционалды, интеллектуалды және реттеуші қабілеттердің жиынтығы. Жоғары мектеп педагогының кәсіби маңызды қасиеттері – кәсіби іс-әрекетті (оқытушылық, ғылыми-зерттеу, кәсіби-тұлғалық өзін-өзі дамыту, әлеуметтік-кәсіби өзара әрекеттесу) тиімді орындауды қамтамасыз ететін психологиялық қасиеттер мен кәсіпті сәтті игеруге ықпал ететін қабілеттер.</p> <p>Жоғары білім беру жағдайында эмоционалды интеллектті зерттеу педагогтардың кәсіби тиімділігі мәселелерін шешудегі маңызды бағыты, себебі, эмоционалды интеллект қазіргі өмір талабына сай педагогтардың кәсіби деңгейін арттырудың маңызды шарттарының бірі.</p> <p>Эмоционалды интеллект когнитивті және эмоционалды қабілеттердің ортақ нүктесін қалыптастырады, бұл біздің тұрақтылық, мотивация, эмпатия, пайымдау, стрессті басқару, қарым-қатынас және көптеген әлеуметтік жағдайлар мен қақтығыстарды түсіну және басқару қабілетімізге ықпал ететіні анық. Эмоционалды интеллект әр адамға толыққанды және бақытты өмірді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін өте маңызды құрылым екені белгілі.</p> <p>Диссертациялық жұмыс ғылымның даму бағыттарындағы мемлекеттік бағдарламаларға және Қазақстан республикасының білім беру саясаты аясындағы Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында, ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2022 жылғы 03 мамырдағы № 118-VII Заңы, ҚР «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы құжаттарына сәйкес келеді.</p>
--	--	--	---

		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы);</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету).</p>	<p>1.3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми- техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім беру психологиясы» бағытына сәйкес.</p> <p>Зерттеу жұмысының өзектілігі және ғылыми мәселе ретінде қарастыруда итермелеуші күш болған тұжырымдамалар мен ой қорытындылары мемлекеттік сұраныс ретінде жоғары мектеп педагогтарының нормативтік-құқықтық құжаттамасы мен мемлекеттік нормативтік құжаттарда негізделген, диссертацияда оларға жүйелі түрде сілтемелер жасалған.</p> <p>Білім беру жүйесіндегі педагогтың эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттер түсінігі мен өзара байланысын терең талдау қажеттілігі мен осы мәселе бойынша жан-жақты жүйелі зерттеулердің жоқтығы арасында, жоғары мектеп педагогтарының кәсіби іс-әрекетіне тиімді кәсіби маңызды қасиеттерді анықтау мен осы мәселені шешуге ғылыми-теориялық негіздеменің және практикалық тәсілдің жоқтығы арасында, мамандардың кәсіби деңгейін арттырудың маңызды шарты ретінде эмоционалды интеллектті дамыту қажеттігі мен жоғары білім беру жағдайында эмоционалды интеллектті дамытын ғылыми-әдістемелік жағынан жеткілікті түрде қамтамасыз етілмеуі арасындағы қарама-қайшылықтарды анықтап, оны жүйелі зерттеу жоғары білім берудің жаңа талаптарына сай айқын мақсат, нақты міндеттерін тұтастай жаңашалау қажеттілігі өзекті мәселелердің бірі саналады.</p> <p>Зерттеу жұмысы аяқталған ғылыми бірлік ретінде алынғандықтан авторлық ғылыми еңбек деп қарастыруға болады. Алынған негізгі нәтижелер, тұжырымдамалар, жаңалықтар мемлекеттің сұранысын толығымен өтейді, педагогика ғылымы мен білім беру психологиясы саласының алдына жүктелген мемлекеттік сұранысты толығымен қанағаттандырады.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі, зерттеу мәселесі ғылымға айтарлықтай үлес қосады, оның маңыздылығы да барынша жан жақты жақсы ашылған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелердің дәлелдігі мен негізділігі, зерттеудің теориялық-әдіснамалық</p>

			<p>бағыттарының біртұтастығы мен жүйелігі, ғылыми аппараттың жүйелі құрылуы мен логикалық бірізділігі, зерттеу нысанына, пәніне, мақсатына, міндеттеріне және логикасына сәйкес әдістемелер кешенін қолдануы, зерттеу материалдарының кең ауқымдылығы, зерттеу барысы мен нәтижелеріне сандық және сапалық жағынан талдау жасауға мүмкіндік берген эксперименттік жұмыстың кешенді, ұзақ мерзімді және жоспарлы болуы, зерттеудің қорытынды нәтижесін тәжірибе жүзінде тексеруі педагогика, психология және т.б ғылым салаларына айтарлықтай үлесін қосатыны сөзсіз. Өйткені, алынған нәтижелер бүгінгі таңдағы білімді жетілдіру саласындағы сапалы маман мәселесін шешуге толығымен ықпал етеді.</p>
3.	Дербестік принципі	<p>Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған</p>	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысын дайындауда диссертанттың өзі жазу деңгейінің жоғары екендігі жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерінің көрсеткіштері арасында (жауапкершілік, коммуникабельділік, стресске төзімділік, толеранттылық және креативтілік) өзара байланысты анықтаған зерттеу нәтижелерінен, алыс-жақын шетелдік ғалымдардың және эмоционалды интеллект феноменін түсінуге мүмкіндік беретін отандық ғалымдардың зерттеулеріне ғылыми-теориялық тұрғыда жүйелі талдау жасап, тәжірибе барысында алынған нәтижелерінен көрініс тапқан.</p> <p>Зерттеу барысында ғылыми және практикалық ой қорытындылар мен ұсыныстар бере отырып, диссертант отандық білім беру жүйесіндегі эмоционалды интеллект пен педагогтың кәсіби маңызды сапаларын жетілдіру мақсатындағы талаптар мен өзгерістерге баса назар аударған және олардың ғылымылығын, түсініктілігін, теория мен практиканың байланыстылығын, сенімділігін жеке кәсіби тәжірибесіндегі фактілермен дәлелдегені жұмыстың жазу деңгейінің жоғарылығын көрсетеді.</p> <p>Мәселен, эмоционалды интеллекттің түпкі өнімі жеке мағынасы бар оқиғаларды сараланған бағалау болып табылатын эмоцияларды бейнелеу және жете ұғыну негізінде шешім қабылдау болғандықтан, оны дамыту мәселесі жоғары құндылыққа ие деген қорытынды жасауға болады дей келе, эмоционалды интеллектті жоғарлату жоғары мектеп педагогтарының кәсіби іс-әрекетінің ғана емес, білім беру ортасының</p>

			басқа да қатысушыларының табысты іс-әрекетінің негізі бола алады деп тұжырым жасайды.
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысының өзектілігі мемлекеттік, ғылыми және тәжірибелік сұраныстарды талдау барысында дәлелденген әрі негізделген. Жоғары мектеп педагогтарының нормативтік-құқықтық құжаттамасы мен нормативтік құжаттар, сондай-ақ эмоционалды интеллекттің теориялық және эмпирикалық мәселелерінің зерттелуі атап айтқанда, (Г. Майер, И.И. Ветрова, Д.В. Люсин, Е.А. Орел, Е.А. Сергиенко, Г.Г. Гарскова, И.Н. Андреева, В.С. Юркевич, Э.Л. Носенко, Н.В. Коврига, М.А. Манойлова, Е.А. Хлевная и Т.С. Киселева және т.б. зерттеу), әдістемелік бағыттар, эмоционалды интеллекттің даму деңгейін өлшеу әдістерін әзірлеу және стандарттау (Т.Д. Савенкова, З.В. Пархимович, Н.А. Рыбакова, М.А. Алферова, Ю.А. Кочетова, М.В. Климакова еңбектерінде). Эмоционалды интеллектті зерттеудің көптеген аспектілерін қамтитын эмпирикалық бағыттағы жарияланымдар батыс ғалымдарының жұмыстары, эмоционалды интеллекттің мазмұны мен құрылымын талдайтын отандық зерттеулерінде (А.А.Толегенова, А.А. Елубаева, Л.О. Сарсенбаева, А.К. Егенисова, П.Е. Жарылгасова) көрініс тапты.</p> <p>Осы орайда диссертантың көтеріп отырған зерттеу мәселесі оның өзектілігін, қазіргі кезеңде ғылымдағы қажеттілігін дәлелдей түседі. Сонымен қатар, зерттеу жұмысының өзектілігі әр жылдардағы жинақталған зерттеу материалдары (диссертациялар, монографиялар, ғылыми мақалалар) мен автордың тәжірибелік эксперименттік жұмысындағы дәлелдемелік негіздемелері арқылы қамтамасыз етілген.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды 	<p>Диссертациялық тақырып өзекті, әрі ауқымды ғылыми мәселені зерттеуге бағытталған. Зерттеуде көтеріліп отырған мәселе теориялық жағынан жүйелі талданып, тәжірибелік тұрғыда дәлелденуімен диссертацияның мазмұнының тақырыбын айқындайды. Себебі, осы тақырыпқа орай мемлекеттік сұраныс ретінде негіздемелер де, диссертациялық жұмыстың мазмұны да, сонымен қатар зерттеудің ғылыми жаңалықтары - міндеттердің шешімі ретінде қорғауға ұсынылып отырғандығымен айқындалады.</p>

		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p> <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған ғылыми әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады.</p> <p>Зерттеу мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Диссертацияның ғылыми аппараты жүйелі құрылған әрі ішкі бірлігі сақталған, мақсаты нақты қойылған, бұл зерттеу тақырыбының айқындылығымен байланысты анықталған міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.</p> <p>Зерттеу міндеттерін жүзеге асыру барысында алынған ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар шынайы және тәжірибе жүзінде дәлелденді. Диссертациялық жұмыстың әрбір тарауының өзара логикалық бірізділігі, талапқа сәйкес жүйелі жасалған ғылыми аппараты тек зерттеу мазмұнының толыққанды ашылуына алғышарт қана емес, сонымен қатар диссертанттың ғылыми-әдіснамалық мәдениеттілігін дәлелдейді. Олай болса, жұмыстағы алынған мақсат пен міндеттер оған сәйкестендірілген мазмұн өзара үйлесімді деп қорыта аламыз.</p> <p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық жағынан бір-бірімен толық байланысқан. Диссертациялық жұмыстың құрылымының ғылыми-зерттеу жұмысына қойылған талаптарға сәйкестігін оның логикалық құрылымы аңғартады. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Жұмыста 17 кесте және 29 сурет бар. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде 214 дереккөзден тұрады.</p> <p>Зерттеу жұмысының бірінші тарауында жоғары білім контекстіндегі эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттердің байланысын зерттеудің теориялық аспектілері және әдіснамалық ұстанымдары талданып, жоғары білім беру аясындағы педагогтың кәсіби маңызды қасиеттерін теориялық талдау барысында төмендегідей түйіндер жасалған:</p> <p>- жоғары мектеп педагогының кәсіби маңызды қасиеттерін зерттеудің теориялық және әдіснамалық бағыттарын шартты түрде тұлға, іс-әрекет теориялары мен құзыреттілік бағыт пен профессиографиялық бағыттарға негізделген;</p>
--	--	---	--

			<ul style="list-style-type: none">- жоғары мектеп педагогтарының кәсіби іс-әрекетке дайындығының негізгі көрсеткіші ретінде эмоционалды интеллектіні дамыту ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дидактикалық мүмкіндіктерін игерудегі психологиялық кедергілерді жеңуге, сонымен қатар тез дамып келе жатқан заманауи цифрлық ортаға ауыртпалықсыз бейімделуге көмектеседі;- жоғары мектеп педагогының кәсіби маңызды қасиеттерді кәсіби іс-әрекетті (оқытушылық, ғылыми-зерттеу, кәсіби-тұлғалық өзін-өзі дамыту, әлеуметтік-кәсіби өзара әрекеттесу) тиімді орындауды қамтамасыз ететін және кәсіпті сәтті игеруге ықпал ететін психологиялық-тұлғалық қасиеттер ретінде анықтайды деген тұжырдарды ұсынады. <p>Екінші тарауда эмоционалды кәсіби іс-әрекет үшін қажетті кәсіби маңызды қасиеттерді және эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттер арасындағы өзара байланысты анықтауға бағытталған. Осы орайда келесідей ой тұжырымдарын ұсынады:</p> <ul style="list-style-type: none">- Қазақстанның «Ұлттық біліктілік шеңберінде» және «Педагогтың» кәсіби стандартында сипатталған қасиеттерінің жаңа әдістерін, нысандары мен құралдарын әзірлеу мен қолданудағы белсенділіктің жоғары дәрежесі, -Жоғары мектеп педагогының кәсіби маңызды қасиеттері туралы түсінікті зерттеуге бағытталған «Педагогтың кәсіби маңызды қасиеттерін бағалау» авторлық сауалнамасы арқылы жоғары мектеп педагог тұлғасының ең қажетті және бірінші дәрежелі қасиеттері анықталды.- Жоғары мектеп педагогтарының кәсіби маңызды қасиеттеріне нормативтік-құқықтық құжаттамасы бойынша (Қазақстанның «Ұлттық біліктілік шеңбері», «Педагог» кәсіби стандарты) талаптарға сәйкес келетін қасиеттер және пилотажды зерттеу нәтижелері бойынша қажетті қасиеттер (жауапкершілік, коммуникабельділік, стресске төзімділік, креативтілік, толеранттылық) анықталды.- Жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерін зерттеу бойынша жұмыстар жүргізіліп, нәтижелер анықталды. Зерттеу нәтижелерін өңдеу үшін корреляциялық талдау (Спирменнің рангтік корреляция коэффициенті) қолданылды.
--	--	--	---

			<p>Нәтижелердің сандық талдауы «IBM SPSS Statistics» бағдарламалық пакетін қолдану арқылы жүзеге асырылды.</p> <p>Үшінші тарауда эмпирикалық зерттеу нәтижелері бойынша жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллект пен эмпирикалық түрде дәлелденген кәсіби іс-әрекетке қажетті кәсіби маңызды қасиеттері арасында мәнді байланыс бар екені анықталды, яғни эмоционалды интеллекттің дамуы жауапкершіліктің, коммуникабельділіктің, стресске төзімділіктің, толеранттылықтың және креативтіліктің дамуына ықпал етеді деп қорытынды жасалынған. Эмоционалды интеллект жоғарылаған сайын онымен байланысы бар кәсіби маңызды қасиеттердің деңгейлері де артады деген тұжырымға келеді.</p> <p>Жоғары мектеп педагогының эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттердің өзара байланысының құрылымдық-мазмұнды моделі бойынша эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттердің компоненттерінің дамуы жауапкершілік, коммуникабельділік, толеранттылық, креативтілік және стресске төзімділік сияқты кәсіби маңызды қасиеттердің дамуына әсер етеді.</p> <p>Ұсынылып отырған эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысының құрылымдық-мазмұнды моделін іске асыру шарттарының бірі педагогтың білім беру, кәсіптік және педагогикалық іс-әрекетін интеграциялауды қамтамасыз ететін блоктар құру; білім беру процесінде кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің құндылық-семантикалық бағдарларын дамытуға және түзетуге ықпал ететін технологияларды пайдалану, педагогтардың эмоционалды интеллектісін арттыруға бағытталған практикалық тапсырмалар мен жаттығуларды қамтитын арнайы бағдарламаны әзірлеу және іске асыру болып табылады. Эмоционалды интеллектті дамыту бағдарламасы екі модульден тұрады: теориялық модулі және тәжірибелік модулі. Бағдарламаның теориялық модулі «Эмоционалды интеллектті зерттеудің қазіргі тенденциялары» атты арнайы курсты оқу барысында жүзеге асырылды.</p> <p>Эмоционалды интеллектті дамыту бағдарламасының екінші практикалық модулі эмоционалды интеллектті дамыту тренингі, яғни эмоционалды қалыптарды түсіну, жете ұғыну мен басқарудың</p>
--	--	--	---

			<p>тәжірибелік дағдыларын жетілдіруге байланысты мақсатты әсер ету түрінде жүзеге асырылды.</p> <p>Эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысының мәні ашылып, алынған нәтижелер негізінде жоғары мектеп педагогтарының «Эмоционалды интеллектті зерттеудің қазіргі тенденциялары» атты арнайы курс пен эмоционалды интеллектті дамыту бағдарламасы мен технологиясы құрастырылды және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері және даму динамикасы тексеріліп дәлелденді, яғни модельдің тиімділігі эксперименттік тұрғыдан негізделді.</p> <p>Осылайша, жоғары мектеп педагогының эмоционалды интеллектісі мен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысының құрылымдық-мазмұнды моделіне кіретін эмоционалды интеллектті дамыту бағдарламасы мен технологиясын игеру барысында жоғары мектеп педагогтарының жетістіктері кәсіби маңызды қасиеттер мен эмоционалды интеллектті дамытудың мақсаттары мен міндеттерін анықтайтын параметрлері болып табылатын компоненттерді (мотивациялық-тұлғалық, когнитивті, жүріс-тұрыстық, эмоционалды-еріктік және рефлексивті) жетілдіруге және дамытуға бағытталады.</p> <p>Диссертация тарауларының бір-бірімен логикалық байланысы ғылыми кеңістікте жоғары мектеп педагогының эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттердің өзара байланысының ғылыми негіздерін нақтылауға мүмкіндік береді. Сондықтан, жұмысты логикалық бірізді аяқталған бірлік ретінде қарауға негіз бар.</p> <p>Зерттеу барысында негізгі өзекті ғылыми мәселенің бұрыннан белгілі шешімдерін сыни талдау негізінде докторант өзі логикалық тұрғыдан бағалаған жана шешімдерді ұсынады. Диссертация зерттеу міндеттеріне сәйкес жазылып, ондағы шешімдер, тұғырлар, тұжырамалар, қағидаттар, қағидалар салыстырмалы сыни талдау арқылы алынған, сондай-ақ бүгінгі ЖОО-ғы білім беру саласындағы педагогтарының эмоционалды интеллектісі мен кәсіби маңызды сапаларының арасындағы өзара байланысты анықтай отырып тұжырымдардың жасалғаны диссертанттың диахрондық, синхрондық және куммулятивтік ұстанымдарды терең</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар;</p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	

			қолданғанын аңғаруға болады. Ал осы ғылыми ұстанымдар нәтиженің адекваттылығын, шынайылығын қамтамасыз етеді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p> <p>2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u></p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу нәтижелері нақтыланған зерттеу мақсат-міндеттер мен зерттеу болжамына сәйкес толығымен ғылыми жаңалық болып табылады. Себебі, қарастырылып отырған мәселенің өзі жоғары білім беру жағдайында эмоционалды интеллектті зерттеу педагогтардың кәсіби тиімділігі мәселелерін шешудегі маңызды бағыт болып табылады, себебі, эмоционалды интеллект қазіргі өмір талабына сай педагогтардың кәсіби деңгейін арттырудың маңызды шарты болып табылады.</p> <p>Сондықтан жоғары мектеп педагогтарының дамуының оң динамикасы анықталды Жауапкершілік, коммуникабельділік, стресске төзімділік, толеранттылық және креативтілік сияқты кәсіби маңызды қасиеттерді эмоционалды интеллектті дамыту арқылы жоғарлатуға болады.</p> <p>Кәсіби іс-әрекет үшін қажетті кәсіби маңызды қасиеттердің дамуын қамтамасыз ететін эмоционалды интеллектісі мен кәсіби маңызды қасиеттерді дамыту ЖОО педагогтарының кәсіби іс-әрекетінің сапасын арттыруға ықпал етеді, өйткені бұл эмоционалды мәдениет саласындағы білімдердің, іскерліктердің, әлеуметтік дағдылардың мақсатты қалыптасуын, сонымен қатар, эмоционалды интеллектті жоғарлату жоғары мектеп педагогтарының кәсіби іс-әрекетінің ғана емес, білім беру ортасының басқа да қатысушыларының табысты іс-әрекетінің негізі бола алады, қазіргі психологиялық білім беру ғылым мен тәжірибенің сұранысына сәйкес келеді деген қорытынды жасауға мүмкіндік жасайтындығы жаңалықтардың толығымен жаңа екендігін аңғартады.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p> <p>2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u></p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Кез-келген қорытындының талдаулар, салыстыруларға және теориялық қағидалар мен ұстанымдарға негізделетінін ескеретін болсақ, диссертациядағы қорытындыларды толығымен жаңа. Оны зерттеу міндеттері бойынша жасалған қорғауға ұсынылған қағидалар дәлелдейді. Атап айтқанда, эмоционалды интеллект – когнитивті компоненті айқын когнитивті-тұлғалық құрылым, эмоцияларды түсіну және басқару үшін ақыл-ой қабілеттерінің жиынтығы, сонымен қатар білім беру жүйесіндегі табысты кәсіби іс-әрекет үшін қажетті кәсіби маңызды қасиеттердің дамуына әсер ететін коммуникативті, эмоционалды, интеллектуалды</p>

			<p>және реттеуші қабілеттердің жиынтығы ретінде қарастырылуы, жоғары мектеп педагогының кәсіби маңызды қасиеттері – кәсіби іс-әрекетті (оқытушылық, ғылыми-зерттеу, кәсіби-тұлғалық өзін-өзі дамыту, әлеуметтік-кәсіби өзара әрекеттесу) тиімді орындауды қамтамасыз ететін психологиялық қасиеттер мен кәсіпті сәтті игеруге ықпал ететін қабілеттер ретінде ашылған.</p> <p>Зерттеудің бастапқы теориялық қағидаларының ғылыми-әдістемелік негізділігімен, мәселені жүйелі түрде қарастырумен, эмпирикалық зерттеу бағдарламасымен, таңдалған зерттеу әдістерінің сәйкестігімен, эмпирикалық деректердің сенімділігімен, таңдаманың жеткілікті санымен, сандық деректерді өңдеу үшін математикалық статистика әдістерін олардың сапалық талдауымен үйлестіре дұрыс қолданумен қамтамасыз етіледі.</p> <p>Эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды сапалар туралы ғалым-зерттеушілердің тұжырымдары, жоғары мектеп оқытушыларының аталған кәсіби қасиеттерін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары (жүйелік, әлеуметтік-мәдени, іс-әрекет, гуманистік, кәсіби жарамдылық, құзыреттілік, аксиологиялық) құрайды.</p> <p>Эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысының құрылымдық-мазмұнды моделін іске асыру шарттарының бірі педагогтың білім беру, кәсіптік және педагогикалық іс-әрекетін интеграциялауды қамтамасыз ететін блоктар құрылып; білім беру процесінде кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің құндылық-семантикалық бағдарларын дамытуға және түзетуге ықпал ететін технологияларды пайдаланып, педагогтардың эмоционалды интеллектісін арттыруға бағытталған практикалық тапсырмалар мен жаттығуларды қамтитын арнайы бағдарламаны әзірленіп жүзеге асырылған.</p> <p>Өзара байланысты: әдіснамалық (тұғырлар, қағидаттар, шарттар); мазмұнды-процессуалды; зерттелуші (компоненттер, көрсеткіштер) блоктарын біріктіретін кәсіби-педагогикалық іс-әрекет жағдайында жоғары мектеп педагогының эмоционалды интеллектісі мен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысының құрылымдық-мазмұнды моделінің тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тиімділігі</p>
--	--	--	--

		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	тексеріліп және олардың арасындағы байланыс анықталған. Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және толығымен негізделгендігі туралы тұжырым жасауға ғылым салалары бойынша және барлық зерттеулердің барысында жаңадан қолданылып жүрген технологияларға жасалған талдаулар мен олардың қолданылуы дәлел болмақ. Мәселен, зерттеу нәтижелері өңдеу барысында нәтижелердің сандық талдауы «IBM SPSS Statistics» бағдарламалық пакетін қолдану арқылы жүзеге асырылды.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Зерттеу қорытындыларының негізделгендігі деп есептеуге диссертанттың тәжірибені жинақтай отырып ондағы жетістіктер мен олқылықтарды нақтылауы, жетілдіру мен толықтыру жолдарын ұсынуы дәлел. Диссертациялық жұмыста тек осы жұмыс жазу барысындағы жылдардың қорытындысы ғана емес, бұрынғы алынған нәтижелердің де алынып, үнемі салыстырылып отырылуы, олардағы тенденциялардың анықталуы нәтижелердің нанымды және дәйекті екендігіне негіз болады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе?	7.1. Қағидалар толығымен дәлелденген. Себебі, ұсынылып отырған тұжырымдар алынған мақсат пен міндеттерден туындаған жұмыстың теориялық және тәжірибелік ұстамдылығын аңғартады. 7.2. Жұмыс тривиалды емес. Себебі, барлық жаңалықтар теория мен практиканың арасындағы байланысты талдай отырып, тұжырым жасалғандығымен дәлелденеді, яғни тек өзгенің тәжірибесі емес, өзіндік тәжірибенің басым болуы жұмыстың ұтымдылығын арттырып отыр деп есептейміз. 7.3. Қағидалар жаңа деп тұжырым жасауға негіз бар. Себебі, үш міндет бойынша алынған жаңалықтардың қорғауға ұсынылатын қағидалар негізінде көрініс беруі және қорытынды ұсыныстар жасауға алғышарт болғандығымен дәлелденеді. Диссертант жұмысында қалыптастырылған әрбір нәтижесінің (ғылыми қағидасының), тұжырымдары мен қорытындыларының жаңашылдық деңгейі: 1 - нәтиже. Отандық, алыс-жақын шетелдік зерттеуші ғалымдардың зерттеулеріне жан-жақты талдау жасалып, нәтижесінде зерттеудің ғылыми-әдіснамалық негіздері айқындалған. Мәселен, диссертациялық

		<p>1) <u>ия;</u> 2) жоқ</p>	<p>зерттеудің негізгі ұғымдары ретінде «эмоционалды интеллект», «жоғары мектеп педагогының кәсіби маңызды қасиеттері» ұғымы ғылыми-теориялық тұрғыда негізделген.</p> <p>2– нәтиже. Өйткені, жоғары мектеп педагогтарының кәсіби іс-әрекетіне қажетті кәсіби маңызды қасиеттерін анықтау, негіздеу және жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттері арасындағы мәнді корреляцияларды анықталған.</p> <p>3 – нәтиже. Себебі, қазіргі білім беру кеңістігі жағдайында жоғары мектеп педагогының эмоционалды интеллектісі мен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысының құрылымдық-мазмұнды моделін әзірленіп оның тиімділігін тәжірибе жүзінде дәлелдеген.</p> <p>4 – нәтиже. Өйткені, жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллектісін дамыту бағдарламасы мен технологиясы әзірленіп оның тиімділігі эксперимент арқылы дәлелденген.</p> <p>7.4. Жұмыстың қолдану деңгейі кең деп танылады. Себебі, диссертанттың психология ғылымдарының теориясы мен практикасына қосқан сүбелі үлесі ғана емес барлық білім салаларында да қолдануға болатындығы туралы тұжырымдауға болады. Жоғары білім беру жағдайында эмоционалды интеллектті зерттеу педагогтардың кәсіби тиімділігі мәселелерін шешудегі маңызды бағыт болып табылады, себебі, эмоционалды интеллект қазіргі өмір талабына сай педагогтардың кәсіби деңгейін арттырудың маңызды шарты болып табылады.</p> <p>Осы орайда диссертанттың «Жоғары мектеп педагогтарының кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысы» атты диссертация жұмысының тақырыбы қазіргі білім берудегі инновациялық қайта құрулардың маңызды басым бағыттарының бірі жоғары мектептің бәсекеге қабілетті педагогтарының эмоционалды интеллект пен қажетті кәсіби маңызды қасиеттері мен құзыретті кәсіби маман тұлғасын қалыптастыру заманауи білім жүйесінің талаптарына жауап береді деп ой қорытуға болады.</p> <p>Диссертациялық зерттеудің негізгі ережелері, тұжырымдары, нәтижелері мен қорытындылары басты ұстанымдары ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен арнайы ғылыми басылымдарында 5 мақала жарық көрген. Сонымен қатар</p>
--	--	---------------------------------	--

			аталған диссертацияның қол жеткізген тұжырымдары мен қағидалары «Scopus» дерекқорында индекстелген жарияланымда («Journal of Applied Research in Higher Education», 2022), халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында 2 мақала, барлығы 8 ғылыми мақаларында дәлелденген.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияда жоғары білім беру жағдайында педагогтардың эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттердің арасындағы байланысты анықтаудың әдіснамалық тұғырлары алғашқы рет жүйеленіп отыр. Осы орайда, қолданысқа енгізілген әдіснамалық (жүйелік, іс-әрекеттік, тұлғалық, полисубъектілік, аксиологиялық) тұғырларды қамтитын кешенді тұғыр жұмыстың әдіснамалық мазмұнын күшейтеді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Эксперименттік жұмыста диссертант көптеген нәтижелердің дәйектілігін көрсетуге мүмкіндік беретін «IBM SPSS Statistics» бағдарламалық пакетін қолдану арқылы жүзеге асырған. Сонымен қатар, қазіргі кездегі кеңінен қолданыста жүрген ІТ қосымшалары, психология ғылымдарында жалпы классикалық зерттеу әдістері: статистикалық өңдеу, математикалық модельдеу, корреляциялық талдауларды кеңінен қолданған.
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер мен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Жұмыстың ұтымдылығы диссертанттың құрылымдық-мазмұндық модель жасауымен айқындалады. Себебі, жасақталған моделдің өзара байланысты: әдіснамалық (тұғырлар, қағидаттар, шарттар); мазмұндық (теориялық, практикалық, сабақтан тыс); зерттелуші (компоненттер, көрсеткіштер) блоктар педагогтың білім беру, кәсіптік және педагогикалық іс-әрекетін интеграциялауды қамтамасыз ететіндей құрылған, білім беру процесінде кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің құндылық-семантикалық бағдарларын дамытуға және түзетуге ықпал ететін технологияларды пайдалану, педагогтардың эмоционалды интеллектісін арттыруға бағытталған практикалық тапсырмалар мен жаттығуларды қамтитын арнайы бағдарламаны жоғары білім беру жүйесіндегі кәсіби іс-әрекет процесінің тәжірибесіне енгізумен; педагогтарды даярлау сапасын арттыруда олардың тиімділігін тексерумен байланысты әзірлеу және іске асыру ұсынылған.

			<p>Жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысының құрылымдық-мазмұнды моделі - бұл жоғары мектеп педагогының педагогикалық шеберлікті дамытуды басқаруда, сонымен қатар күрделі психологиялық-педагогикалық мәселелерді шешуде қолдауға арналған.</p> <p>Ең бастысы, берілген көрсеткіштер және оны өлшеу құралдары кез келген білім беру үдерісінде пайдалану мүмкіншілігі жоғары деп есептейміз. Олай болса, зерттеу жұмысының нәтижелері мен ауқымының ЖОО педагогтарының эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыруда өзіндік үлесі бар деп есептейміз.</p>
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	<p>Диссертант жұмыс жазу барысында өте ауқымды зерттеулер жүргізгенін алыс және жақын шетелдік әдебиеттердің кеңінен қолданылуы жұмыстың мазмұндылығын тереңдете түскендігін көрсетеді. Зерттеу мәселесінің ғылыми тұрғыдан ұстанымдылығын - философиялық, социологиялық, педагогикалық, психологиялық және т.б. әдебиеттердің талдануы дәлел болмақ, осылайша ғылыми жұмыс әлемдік тәжірибелер мен тұжырымдарға негізделгенін дәлелдейді.</p>
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз	<p>Пайдаланылған әдебиеттердің саны - 214. Пайдаланылған дерек көздері зерттеу тақырыбына, мақсат-міндеттеріне, зерттеу нысаны мен пәніне, мазмұнына толықтай сәйкес.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	<p>Диссертациялық жұмыс теориялық тұрғыдан маңыздылыққа ие. Эмоционалды интеллекттің және кәсіби маңызды қасиеттердің қазіргі жағдайы мен мағыналық сипаттамасын талдау, «эмоционалды интеллект» және «жоғары мектеп педагогының кәсіби маңызды қасиеттері» ұғымдарын нақтылауға мүмкіндік берді. Жоғарыда атап өткендей, теориялық ұстанымдар мен тұжырымдардың кең көлемде қолдануға болатындығымен негізделеді.</p>
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	<p>Диссертацияның практикалық маңызы алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігімен дәлелденеді. Осы орайда қазақ тіліне бейімделген Д.В. Люсиннің «Эмоционалды интеллект» («ЭМИн») әдістемесі авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне енгізілуі (2022 жылғы «3» қазандағы № 29170 куәлік);</p>

		<p>- Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің «Педагогикалық шеберлікті дамыту орталығының» жұмысына енгізілген екі тілде (қазақ және орыс) эмоционалды интеллектті дамыту тренинг бағдарламалары (23.06.2022 ж. № 27445 және 28.09.2022 № 29106 куәліктер) әзірленуі және сынақтан өтуі;</p> <p>3. Алғаш рет қазақ тілінде эмоционалды экспрессивті лексиканы қалыптастыруға ықпал ететін, адамға өз тәжірибесі мен сезімін дәлірек бағалауға және түсінуге мүмкіндік беретін құрал (эмоционалды сөздердің карточкасы) құрастырылуы.</p> <p>4. «Эмоционалды интеллектті зерттеудің қазіргі тенденциялары» арнайы курсы әзірленіп, университеттің педагогикалық процесінде сынақтан өтуі.</p> <p>5. «Эмоционалды интеллектті зерттеудің қазіргі тенденциялары» арнайы курс бойынша әдістемелік қамтамасыз ету: оқу бағдарламасы, электронды дәрістер, мультимедиялық презентациялар әзірленуі. зерттеудің практикада қолдану маңыздылығының жоғарылығын дәлелдейді.</p> <p>Зерттеуде басшылыққа алынған әдіснамалық негіздер, қағидаттар, зерттелетін көрсеткіштер және жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысын табу мақсатындағы жүргізілген зерттеу бойынша алынған статистикалық мәліметтер эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттердің арасында мәнді корреляциялар бар екені анықталды. Осы орайда келтірілген тұғырлар мен өлшеу құралдардың шынайылығы жоғары.</p>	<p>- Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің «Педагогикалық шеберлікті дамыту орталығының» жұмысына енгізілген екі тілде (қазақ және орыс) эмоционалды интеллектті дамыту тренинг бағдарламалары (23.06.2022 ж. № 27445 және 28.09.2022 № 29106 куәліктер) әзірленуі және сынақтан өтуі;</p> <p>3. Алғаш рет қазақ тілінде эмоционалды экспрессивті лексиканы қалыптастыруға ықпал ететін, адамға өз тәжірибесі мен сезімін дәлірек бағалауға және түсінуге мүмкіндік беретін құрал (эмоционалды сөздердің карточкасы) құрастырылуы.</p> <p>4. «Эмоционалды интеллектті зерттеудің қазіргі тенденциялары» арнайы курсы әзірленіп, университеттің педагогикалық процесінде сынақтан өтуі.</p> <p>5. «Эмоционалды интеллектті зерттеудің қазіргі тенденциялары» арнайы курс бойынша әдістемелік қамтамасыз ету: оқу бағдарламасы, электронды дәрістер, мультимедиялық презентациялар әзірленуі. зерттеудің практикада қолдану маңыздылығының жоғарылығын дәлелдейді.</p> <p>Зерттеуде басшылыққа алынған әдіснамалық негіздер, қағидаттар, зерттелетін көрсеткіштер және жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысын табу мақсатындағы жүргізілген зерттеу бойынша алынған статистикалық мәліметтер эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттердің арасында мәнді корреляциялар бар екені анықталды. Осы орайда келтірілген тұғырлар мен өлшеу құралдардың шынайылығы жоғары.</p>
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>		<p>Тәжірибелік жұмыстағы қолданылған технологиялар, әдіс тәсілдер, дәлелдер негізінде алынған практикалық ұсыныстар толығымен жаңа. Сонымен қатар, жұмыс нақты диссертанттың тәжірибесіне сүйенгендіктен барлық тұжырымдар отандық ЖОО-ғы білім беру саласындағы мәселелер төңірегінде болғандықтан эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерді дамыту мәселесі практикалық тұрғыда шешімін тапқан. Оны жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттер қалыптастырудың</p>

			тәжірибелік-эксперименттік жұмысының нәтижесі бойынша жасаған қорытындылары мен ұсыныстарынан да байқауға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Себебі, жаңа ұғымдар, түсініктер кенінен қолданыла отырылып, олардың мәні терең ашылған. Атап айтқанда, зерттеу барысында «эмоционалды интеллект», «эмоционалды интеллекттің құрылымдық компоненттері», «психометриялық интеллект», «интеллектуалды интеграция», «контекстік интеллект», «эмоционалды коэффициент» ұғымдарының өзара байланысының ажыратылуы. «Эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттер ұғымының әр түрлі аспектіде (философиялық, әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық) қарастырылуы; ізденушінің «эмоционалды интеллект», ұғымы мазмұнын нақтылауы, осы ұғымдардың өзара байланысын бірізділікте жазу, логикалық байланыстарын жасауы, диссертация мазмұны стилистикалық және грамматикалық жағынан сауаттылығы академиялық жазу сапасы жағынан жоғары деп қорытуға болады.

Шешім:

Альгожина Анар Рашидовнаның 8D01102 - Білім беру психологиясы мамандығы бойынша «Жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысы» тақырыбында философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациялық жұмысы ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің Ережесіне толықтай сәйкес келетін, академиялық жазу сапасы жоғары, өзіндік дара ғылыми еңбек ретінде бағаланады, автор Альгожина Анар Рашидовна философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық.

Ресми рецензент:

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Теориялық және практикалық психология
кафедрасының профессоры,
психология ғылымдарының кандидаты

02.12.2022 ж.

Қолы _____
Подпись _____
Растаймын: «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ HR қызметі
Заверено: НАО «Казахский национальный женский педагогический университет» HR служба



М.К. Бапаева